



АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті №40 (102) 3 қазан 2025 жыл

1 ҚАЗАН - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ!

АҒА ҰРПАҚ-АЛТЫН ДІҢГЕК

**Ардақты ардагерлер!
Сіздерді төл мерекелеріңізбен шын
жүректен құттықтаймын!**

«Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деп өсиет еткен қазақ - қашан да қарттарын қадірлеп өскен ұлт. Бүгінде әр шаңырақта ақылды айтып, тәлімді тәрбиесін беріп, ұлағатты ұғымдарды сіңіріп, шүпірлеген немере-шөберелерінің ортасында марқайып отырған ата-әжелерімізді көрудің өзі бір ғанибет. Жастары егде тартқан шақта қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіріп, жетілдірген ұл-қыздары қас-қабағына қарап отырса еңбектерінің ақталғаны емес пе!?

Расында, ардагерлер – еліміздің алтын

қоры. Тәжірибесі мол аға буынның өмір жолы біз үшін аса құнды. Сондықтан халқымыз ертеден-ақ үлкенге құрмет көрсетуді өсиет етіп, ұрпақтар арасындағы сабақтастыққа, үйлесімге ерекше мән берген.

«Ата қайратты болса, бала ғибратты болады» деген ғибратты сөз бекер айтылмаса керек. Сіздер сабырлылық, қарапайымдылық қасиеттеріңізбен біздерді мейірімділік пен еңбексүйгіштікке, Отанға, отбасына деген адалдыққа және абыройлы болуға тәрбиелеп келесіздер.

**Құрметті абзал ардагер ағалар,
Қадірлі асыл аналар!**

Сіздердің әрбіріңіздің жүріп өткен жол-

дарыңыз, еткен еңбектеріңіз – ұрпақ үшін үлгі-өнеге.

Ақылы – дария, білімі – теңіз, өмірлік тәжірибесі мол сіздерден тәлім-тәрбие алған іні-қарындастарыңыз өздеріңіз бастаған игілікті істерді жалғастыруда.

Халық арасында аузы дуалы, әңгімесі бауалы өздеріңіздей ақсақалдардың барында ел ішінде алауыздықтың орын алмайтыны, жастарымыз жөнсіз кетпейтіні белгілі.

Сіздерді бүгінгі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға бақ-береке, ырыс-несібе тілеймін! Қазыналы қарттарымыздың қатары ортаймасын!

**Е.ТҰРЫМБЕТОВ,
Алматы облыстық ардагерлер
кеңесінің төрағасы**

«АСЫЛ АНА» облыстық қоғамдық бірлестігінің басшылары



**АЙСИНА Қалдықұл
Оспанәліқызы**

**Еңбекшіқазақ ауданының
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімінің басшысы
«Асыл ана» облыстық қоғамдық
бірлестіктің төрайымы**



**АБИЛОВА
Роза Михайловна
Алатау қалалық
мәслихатының төрағасы
«Асыл ана» облыстық қоғамдық
бірлестігі төрайымының
орынбасары.**



**МОЛДАШЕВА Мерuert
Сағындықызы**
- Алматы облыстық
мәслихатының депутаты,
- Алматы облысы «AMANAT»
партиясы жанынан құрылған
Әйелдер қанатының жетекшісі
- Жамбыл ауданы Іскер әйелдер
кеңесінің төрайымы
- Қазақстан халқы
Ассамблеясының депутаттық топ
мүшесі
- «Мерuert-С» ЖШС-нің
басшысы
«Асыл ана» облыстық қоғамдық
бірлестігі төрайымының
орынбасары.

● КОНФЕРЕНЦИЯ

ЖАҢА ҰҒЫМ-ЖАҢА МІНДЕТ

Қыркүйек айының соңғы күндерінің бірінде Қарасай ауданының Мәдениет үйінде отбасы күні аясында отбасылық құндылықтарды, мәдени мұраны және ұрпақтар арасындағы креативті өзара іс қимылды нығайтуға бағытталған Алматы облысы ардагерлер ұйымының жанынан құрылған «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің облыстық конференциясы болып өтті.

Алматы облысы Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов модератор болған осы іс шараға шақырылған делегаттардың барлығы дерлік қатысты. Одан бөлек конференция жұмысына облыс көлеміндегі аудандардың аудандық ардагерлер ұйымдары төрағалары, жастар ұйымдарының өкілдері, сахна өнерінің адамдары және басқа да көпшілік қатысты.

Мәдениет үйінің фойесінде «Үш қоңыр» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің және осы ауданға қарасты Елтай селолық округінің «Асыл қазына» әжелер ансам-



блінің концерттік бағдарламалары тамашаланды. Осы жерде одан басқа ұлттық көлөнер көрмесі ұйымдастырылды. Онда қазақи дәстүрге сай көлөнер туындылары мен қазақ дастарханының атрибуттары көрсетілді.

Конференцияның күн тәртібінде үш мәселе қаралды. Алғашқы болып Алматы облыстық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің кеңесін құру мәселесі болса, оның құрамы және президиум мүшелерін сайлау мәселесі де сөз болды. Осы мәселе бойынша ең алдымен кеңес құрамы туралы келісіліп, ол тізім бойынша бекітілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселеде президиум мүшелерін сайлау міндеті қойылды. Нәтижеде президиум мүшелерінің саны тоғыз адамнан болсын деп бекітіліп, құрылуы туралы шешім қабылданды.

Осылардан кейін президиумның бірінші отырысы өтті. Ол жерде президиум төрайымы мен оның орынбасарларын сайлау мәселесі болды. Президиум төрайымы болып Еңбекшіқазақ ауданы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Қалдықұл Айсина сайланса, оның орынбасарлары болып Алатау қаласы мәслихатының төрайымы Роза Абилова мен Жамбыл ауданы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі салааралық кеңесінің төрайымы, «Мерuert-С» ЖШС-і директоры Мерuert Молдашева сайланды.

Сөз кезегін алған Алматы облысы Арда-



герлер ұйымының төрағасы Е.С.Тұрымбетов аналардың қоғамда алатын орны, соған сай олардың алдында тұрған міндеттер төңірегінде өз көзқарасын ортаға салып, жанадан құрылған ұйым алдына жаңа міндеттер жүктеді.

– Ана-адамзат өркениетінің, өмірдің бастауы. Қай дәуірде болмасын қоғамның дамуы, ұлттың болашағы ең алдымен аналардың қолында болған. Себебі, ана-тек бала тәрбиелеуші ғана емес, ол-ұрпаққа ізгілік дәнін себуші, мәдениет пен дәстүрді жалғастырушы, адамгершіліктің алтын діңгегі – деп бастады ол өзінің қорытынды сөзін. – Әрбір отбасының тыныштығы мен берекесі анаға байланысты. Ана-шаңырақтың шуағы, балаға мейірім мен жылулық сыйлаушы, әке мен бала арасындағы байланысты нығайтұшы. Отбасы қоғамның кішкентай бейнесі болса, ананың мейірімі мен даналығы сол қоғамның тұрақтылығына әсер етеді.

Бала бойына имандылықты, отансүйгіштікті, адалдықты, еңбекқорлықты сіңіретін де – ана. Тарихта талай данышпан мен батырдың, ақын мен ойшылдың тұлғалық қалыптасуына анасының ықпалы ерекше болғаны белгілі.



Бүгінгі таңда аналардың қоғамдағы орны тек отбасы шеңберімен шектелмейді. Олар саясатта, білім мен ғылымда, мәдениет пен өнерде, кәсіпкерлік пен қоғамдық қызметте өз орнын тауып отыр.

Қоғамда ананың қадір-қасиеті қаншалықты биік болса, ұлттың болашағы да соншалықты жарқын болмақ. Қорытындылай келе ана-қоғамның рухани тірегі, болашақтың кепілі. Қай заманда болмасын аналарды қадірлеу, олардың мәртебесін көтеру-елдің өркендеуінің, ұрпақтың бақытты болашағының

басты шарты болып қала бермек.

Біз де осы тұжырымнан ауытқымай, Алматы облысындағы әйелдер қауымының бүгінгі мен келешегін қалыптастыру төңірегінде белсенділіктерін одан әрі көтеруді алдымыздағы темірқазық жұлдыз етіп, олардың жұмысы жандануы бағытында жаңа кеңес құруды мақсат еткен едік. Бүгінгі жасалған тірлігімізді қорытындыласақ, алғашқы қадамымыз жасалған секілді. Олардың жаңа жұмыстарына жаңа биік, жаңа табыс тілегіміз келеді – деп аяқтады ол өз сөзін.

Расында, облысымыздағы жанадан құрылған ұйым мүшелері белсенділік танытып, қоғам дамуына өздерінің сүбелі үлестерін қосады деген үміт те, соған сай сенім де бар. Оған негіз болар дүние-облыстық Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлының олардың алдына нақты идеологиялық бағыт пен мақсат қойып бергені. Оны қысқаша тұжырымдасақ, кеңес құрылды, мақсат айқындалды. Енді тек облыс көлеміндегі әйелдер қауымының белсенділігі ғана қажет. Оны енді кеудемізге үміт отын жағып, келешектің еншісіне қалдырғанымыз дұрыс шығар.

Күн тәртібіне қойылған мәселелердің бәрі

қаралған соң конференция осымен өз жұмысын аяқтады.

Конференция жұмысының негізгі мәселесі қаралған соң облыс көлемінде атқарып жатқан істерінде ерекше белсенділік танытқан жекелеген азаматшаларға Алматы облыстық Ардагерлер ұйымының Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары табысталды. Оның соңы Қарасай ауданы көркемөнерпаздарының концерттік бағдарламасына жалғасты.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.
Қарасай ауданы.

● ЖОЛДАУҒА-ҚОЛДАУ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ

БАҒЫТТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Қонаев қаласында “Ауыл” партиясының ұйымдастыруымен семинар өтті. Басқосуға “Ауыл” партиясы орталық аппарат басшысының орынбасары Айгерім Сәрсенбаева, аппараттық талдау жұмысы департаментінің директоры Ғани Әділбек, креатив және жастармен жұмыс департаментінің директоры Мақсадбек Абдужаббаров, орталық шеберлік курсының маманы Айжан Орынбасар, партияның қалалық филиал төрағасы Базарбай Оралбаев және партия белсенділері қатысты. Мақсат-тәжірибе алмасу, партиялық құрылыстың негіздерін түсіндіру, алдағы жоспарларды айқындау.

Семинардың бірінші бөлімінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айтылған негізгі бағыттар талқыланды. Алғашқы сөз “Ауыл” партиясының облыстық филиал төрағасы Қанат Бекеевке берілді.

- Ел Президентінің Жолдауы-алдағы жылдардағы даму бағытымызды айқындайтын стратегиялық құжат. Онда ауыл мен ауылдық аймақтың мәселелері де ерекше орын алып отыр. Жолдауда ауыл шаруашылығын қолдауға ауылдық инфрақұрылымды дамыту, аграрлық салада жаңа технологияларды енгізу сынды маңызды мәселелер көтерілді. Жолдау ауыл шаруашылығы саласындағы әрбір маман мен кәсіпкерге үлкен жауапкершілік жүктейді. Цифрлық шешімдер мен жасанды интелекті пайдалана отырып, еңбек өнімділігін еселеп, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін күшейтуге зор үлес қоса аламыз,-деген облыстық филиал төрағасы импортқа тәуелділікті азайту баршаға ортақ міндет екенін баса айтты.

Келесі кезекте партияның қалалық филиал төрағасы Базарбай Оралбаев ауыл шаруашылығын ғылыммен үйлестірудің заман талабы екеніне жұртшылықтың назарын аударып, “Бұл Жолдау еліміздің әлеуметтік-экономикалық, цифрлық дамуының жаңа кезеңін бастауға бағытталған нақты қадамдарды қамтыды. Көтерілген бастамалар мен міндеттер-жаңа дәуірдегі жаңғырудың іргетасы. Бұл-әрбір азаматтың әл-ауқатын арттыруға, қоғамда әділдік пен тұрақтылық орнатуға, дамушы елдер қатарында болуға бағытталған тарихи үндеу. Ендігі кезекте айтылған партияластармен, халық қалаулыларымен тапсырмаларды бірлесе жүзеге асырып, ортақ мақсатта жұмыс істейтін боламыз”, - деді.

Қонаев қаласының Құрметті азаматы Ізтілеу Тойшыбайұлы, Алматы облыстық мәслихат депутаты Жанат Алтынғадасұлы Жолдауда айтылған су тапшылығы, суды үнемдеу технологиясын енгізу, жер мәселелері төңірегінде ой бөлісті. Қатысушылардың пікірінше, Жолдаудағы бастамалар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін береді әрі ауылдық жерлерге нақты қолдау көрсетудің тетіктерін айқындайды.

Семинарға қатысушылар ауылды дамытудағы жаңа бастамаларды, партияның стратегиялық бағыттарын кеңінен талқылады. Сонымен қатар мамандардың әлеуметтік желілерді қолдану, сөз саптау мәдениеті, аудиториямен байланыс орнату және сенімді сөйлеу дағдыларын дамыту бойынша құнды мағлұматтар алды.

Занғар АЛТАЙ.
Қонаев қаласы.

● ШАҒАР МЕРЕЙТОЙЫ

Қонаев қаласының 55 жылдығы қарсаңында шаһарда бір апта бойы мәдени, танымдық, спорттық шаралар ұйымдастырылды. Салтанатты шараның алғашқы күні қалалық Мәдениет үйінде «Қонаев әуендері» ансамблінің тұсаукесер концертімен ашылды. Дәулескер күйші, композитор Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы мен қазақтың біртуар ақыны Тұманбай Молдағалиевтің 90 жылдығына орай қос алыптың шығармашылығына басымдық берілді.

Қалалық кітапханада өткен «Book city fest» кітап фестивалі Қонаев қаласының тарихы жайлы баяндап, шаһардың мерейтойына арнайы шығарылған кітаптар мен жергілікті қаламгерлердің туындыларын таныстырды. Қаланың құрылуына негіз болған Дінмұхамед Ахметұлының шығармалары қатысушылардың ерекше назарына ілікті. Сондай-ақ музейден арнайы алынған қайраткердің өзі киген киімдері мен бұйымдары көрме ажарын аша түсті.

Ақан Қойшыманов көшесінің бойында «Selfie zone» сквері қолданысқа беріліп, мұндағы «Өмір ағашы» атты арт-нысанында Алтын Адам киім үлгілерінің элементтері бейнеленген тас құрылым түрінде айышқаталды. Қала әкімінің жүлдесі үшін күн сайын әртүрлі спорттық жарыстар, мәдени шаралар ұйымдастырылды.

Араға апта салып, қала тұрғындары мен қонақтары асыға күткен Қала күні мерекесі мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен басталды. Шаһар басшысы Асхат Бердіханов қоғам қайраткері,

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Асылы Осман, қаланың қадірлі ақсақалдары мен ардагерлері, тұрғындармен бірге Дінмұхамед Ахметұлының рухына тағзым етті.

Шаһардың экономикалық дамуына ықпал етіп отырған кәсіпорындардың көрмесін алаңға жиналған жұртшылық қызыға тамашалады. Жүгері таяқшаларын өндіретін «АЯМ» ЖШС, қазақстандық антифриз брендінің негізін қалаушы «Бағашар мекен» ЖШС, құтылар шығаратын «Юнипак Шымкент» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, Қосқұдық ауылындағы кірпіш зауыты, трансформаторлар шығаратын «ПФ Электросервис» кәсіпорынның өнімдері ешкімді бей-жай қалдырмады. Танымал туристік демалыс орны «Del Mare» мен көпфункционалды ойын-сауықтық кешен «ASP ARENA» басшылығы да таныстырылым жасады.

Мерекеді балаларда назардан тыс қалмай, қала әкімі Бердібек Соқпақбаев атындағы орталық саябаққа барып, шеберлік сабақтарын, шоу бағдарламаны бүлдіршіндермен бірге көрді. Ол ТикТок

● ТӘНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ

ӨМІРГЕ ҚҰШТАР ЖАНДАР

Ұйғыр ауданы орталығы Шонжы ауылында биылғы жылғы ақпан айынан бері «Белсенді ұзақ өмір орталығы» ардагерлер арасында қызмет жасап келеді. Орталықтың кеңесшісі Жангазиев Ақпаржан, әлеуметтік жұмыстар жөніндегі маманы Аубакирова Жазира, скандинавиялық жаяу жүру жаттықтырушысы Нұрсапа Нұрәлі, жадыны нығайту жаттықтырушысы Аблизова Зухра, ұлттық «Тоғызқұмалақ» ойынын ұйымдастырушы Ақурпикова Гульнара, емдік дене шынықтыру жаттықтырушысы Ахатбакиев Сейтжан, цигун шығыс медитация жатығуын үйретуші Аятов Сайтжан, би үйірмесі жетекшісі Махпирова Гульмира, вокал жетекшісі Мондыбаев Болысбек, ұлттық қол өнер бұйымдары үйірмесі жетекшісі Жанбаева Алия. It- сауаттылық Сраждинова Сахибджамал сияқты мамандар мүмкіндіктерінше ардагерлерге әр түрлі іс – шаралар ұйымдастырып, денсаулықтары мен жадыны жаттықтыру қимыл - әрекеттерін үйретіп келеді.

«Тәні саудың – жаны сау» демекші, бұл аталған үйірмелерге үйде отырған зейнет жасындағы 61-70-тен асқан ардагерлер үнемі қатысады. Үнемі қозғалыста жүрудің маңызды екенін түсінген ардагерлер жоғарыда аты аталған мамандарға ризашылықтары мен алғыстарын білдіруде.

Бүгінгі күнде мұнда әр үйірмеге отыздан аса ардагерлер таңертең 7-ден бастап қатысып, әр түрлі жаттығулар үйренсе, вокалға қатысушылар қазақтың халық әндерімен бірге Отан, туған жер және сазгер Ш. Қалдаяқов сияқты атақты композиторлар әндерін нақышына келтіріп орындап, үйірмелерге үзбей қатысуда, әр үйірмеге қатысушылар саны күннен-күнге артып келеді.

«Ұлттық колөнер» үйірмесіне қатысушылар әр түрлі ұлттық киім тігумен айналысуда. Атап айтқанда, кимешек тігу, құрақ құрау, киіз басу, көрпе тігу, әр түрлі киімдер тоқуды үйреніп, меңгеруде.

С.БАЙСЕРКЕЕВА,

Ұйғыр ауданы

«Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы.



● «САЛТ-ДӘСТҮРІМ - ҚАЗЫНАМ»

Ұмыт қалған әұрыптарды жаңғыртқан шара

2025 жылдың 23 қыркүйек күні Қарасай ауданының Ұмтыл ауылдық округінде Отбасы күніне орай халқымыздың асыл қазынасы саналатын әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді дәріптеу мақсатында «Салт-дәстүрім – қазынам» атты тағылымды мерекелік шара өтті.

Бұл игі бастама ұлттық құндылықтарды ұлықтап қана қоймай, ұрпақ сабақтастығын нығайтуға, жас буынға өнегелі тәрбие беруге арналды.

Ұйымдастырылған іс-шараның негізгі мақсаты – ұмыт болып бара жатқан әдет-ғұрыптарды қайта жаңғырту, әр этностың мәдениетіне құрметпен қарау, ата-баба аманатын сақтай отырып, жас ұрпаққа отбасы құндылықтарының мәнін жеткізу.

Шара барысында қазақ халқының ғана емес, елімізде бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп отырған өзге этностардың да салт-дәстүрлері таныстырылды.

Іс-шараға ауыл өнерпаздары белсенді қатысып, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Ән мен би көрерменге ұлттық рух пен бірліктің шынайы үлгісін көрсетті. Шараның ең әсерлі бөлігі – қазақ халқының ұлттық дәстүрі «Тұсаукесер» рәсімі болды. Бұл сәтте сахна төріне шыққан ауыл ақсақалдары мен аналар жас балапанның болашағына ақ жол тілеп, ырымын жасады. Арнайы шақырылған қонағымыз кішкентайдың тұсауын кесіп, игі тілегін білдірді. Сахна төрінде «Парарасат»

ардагерлер хорының қатысушысы Рустам Абдалімұлы бата беріп, барша қауым қуанышқа ортақтасты.

Іс-шара барысында Қарасай ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағат Ұлтаракұлы құттықтау сөз сөйлеп, бабадан қалған дәстүрдің қоғамдағы орны мен жас ұрпаққа берер тәлімі жөнінде ой қозғады. «Халқымыздың ғасырлар бойы жинаған асыл қазынасы – әдет-ғұрып пен дәстүр. Бұл – бізге ата-бабамыздан қалған рухани мұра. Оны дәріптеу – болашақ алдындағы парызымыз», – деді.

Сонымен қатар, «Асыл аналар» ұйымының төрайымы Ұлтұсын Амангелдіқызы отбасы құндылықтарының, ананың тәрбиедегі рөлінің мәнін ерекше атап өтті

Ауылымыздың ата апалары да жас ұрпаққа тәлім берерлік кеңестерін айтып, өнегелі ойларын ортаға салды. Олардың айтқан батасы мен өмірлік тәжірибесі жас буын үшін құнды сабақ болды.

«Салт-дәстүрім – қазынам» атты мерекелік шара өз дәрежесінде өтіп, қатысушылардың жүрегінен орын алды. Шараның мазмұны мен тәрбиелік мәні арқылы ауыл тұрғындары дәстүрдің ұлтты біріктіретін алтын қазына екеніне тағы бір мәрте көз жеткізді.

Бұл мерекелік жиын Отбасы күні аясында ұйымдастырылып, ата дәстүрді дәріптеу арқылы берекелі отбасының, ынтымақты елдің бейнесін паш етті.

Өз тілшімізден.

ҚАЛА КҮНІ ТОЙЛАНДЫ



аймаққа да ат басын бұрып, әлеуметтік желі қолданушыларына тікелей эфир арқылы сәлемдеме жолдады. Сонымен қатар жас суретшілер арт-аймақта Д.Қонаевтың портретін бояды.

Орталық саябақтың спорт алаңында қала жұртшылығы асық ату, қол күрес, тоғызқұмалақ сынды қазақтың ұлттық ойындары мен волейбол, футбол, үстел ойындарынан өзара сынға түсті. Ал, орталық алаңда түрлі этномәдени орталықтардың ұлт өкілдері 30 метрлік «алма бөлішін» пісіріп, халықтың бірлігі мен татулығын паш ететін ерекше сый ұсынды.

Салтанатты жиында қала әкімі Асхат Бердіханов жиылған жұртты мерекемен құттықтады. «2022 жылдың 3 мамыр күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Ке-

мелұлы Тоқаевтың Жарлығымен Қапшағай қаласы Алматы облысының орталығы болып бекітіліп, атауы ресми түрде Қонаев болып өзгертілгені баршанызға белгілі. Сол уақыттан бері қаламыздың бет-бейнесі жаңаша сипатқа ие болып, инфрақұрылымы қарқын алып келеді.

Қала халқының саны 3,7 пайызға өсіп, бүгінгі күні 66 200 адамды құрайды. Қаламыз облыс орталығы болған сәттен бастап 312 млрд. теңге инвестиция тартылса, өнеркәсіпте 418 млрд теңгеге өнім өндірілді, ауыл шаруашылығында 135 млрд теңгеге өнім алынды. Бүгінгі күнге 3 жыл аралығында 177 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Соның ішінде соңғы жылдары әлеуметтік осал топтағы азаматтарға 235 пәтер берілді. Бұл үрдіс әлі де жалғасын табатын болады»,

– деді шаһар басшысы.

Асхат Бердіханов Қонаев қаласының 2027 жылға дейінгі бекітілген әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарына арнайы тоқталып өтті.

«Кешенді жоспар аясында 187 іс-шараны іске асыру жоспарланған. Оның ішінде электрмен жабдықтау 12, газ жүйесі 8, жылумен жабдықтау 6, сумен қамту және кәріз 41, көлік инфрақұрылымы бойынша 13 жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Бүгінгі мерейтой еліміздің ортақ мақтанышы, облыс орталығындағы барлық саланың қарқынды дамуының нақты көрінісі деп білемін. Еліміздің береке, бірлігі артып, рухани күшті елдердің қатарында болуға тілектеспін», – деді әкім құттықтауында.

Қала басшысы Қонаев қаласының дамуына елеулі үлес қосып, қоғамдық өміріне белсене қатысып жүрген бір топ азаматтар мен ұжымдарды марапаттады. Баспагер Вагиф Гаджиев болса, қалалық кітапханаға Дінмұхамед Қонаевтың өмір жолы туралы құнды кітапты тарту етті. Естеліктер мен деректер 2,5 жыл жинақталып, 8 келі етіп басылған.

Концерттік бағдарламада қала тарихынан сыр шертетін қойылым қойылып, ән мен биден шашу шашылып, тұрғындарға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Зарыккан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.

● БӘРЕКЕЛДІ!



ОБЛЫСТЫҢ ҮЗДІК МҰҒАЛІМІ

Аудан орталығы С.Серкебаев атындағы мектеп-гимназиясының ұжымы үшін бұл апта ерекше қуаныш пен мақтаныштың аптасы болды. Себебі, осы білім ордасының жас та болса, тәжірибелі педагогы Нұрбек Досымханов облыстық «Жылдың үздік мұғалімі – 2025» байқауының жеңімпазы атанып, автокөлік иегері болды.

Бұл тек бір мұғалімнің емес, тұтас мектеп ұжымының, ауданымыздың ортақ жеңісі деуге болады. Себебі ұстаздың бұл жетістігі – жылдар бойғы табанды еңбектің, сапалы білім беруге деген адалдықтың, оқушыға деген шынайы жанышпырлықтың жемісі.

Ұстаздық жолды жүрек қалауымен таңдаған Нұрбек Керімбайұлы – бірнеше жылдан бері білім саласында үздіксіз еңбек етіп келе жатқан, өзінің білімі мен біліктілігін дәлелдей білген маман. Оның шәкірттері облыстық, республикалық деңгейдегі білім додаларында жүлделі орындарға ие болып жүр. Сонымен қатар, жаңа форматтағы оқыту әдістерін меңгерген, цифрлық білім беру құралдарын тиімді қолданатын жаңашыл педагог ретінде де көзге түсіп жүрген ұстаз.

«Бұл жеңіс – менің ғана емес, менімен бірге еңбектеніп жүрген әріптестерімнің, қолдау көрсеткен мектеп басшылығы мен шәкірттерімнің жемісі. Бірлік пен қолдаудың арқасында осы жетістікке жеттім», – дейді Нұрбек Керімбайұлы қуанышымен бөлісіп.

Жеңімпаз ұстазды мектебі ерекше ықыласпен қарсы алды. Ұжым мүшелері, шәкірттер, ата-аналар жеңімпаз ұстазды гүл шоқтарымен, арнау өлеңдермен, жүрекжарды тілектермен күтіп алды. Сүйікті шәкірттері «Сізді үнемі жігерлі, жасампаз қалпыңызда мақтан тұтамыз!» десе, әріптестері «Нұрбектің жеңісі – барлығымызға қуаныш, шабыт, жаңа биік белестерді бағындыруға жетелейтін үлкен көпір» деп, лебіз білдірді.

Мектеп директоры бастаған басшылық ұжымы да өздерінің ізгі тілектерін жеткізді.

Нұрбек Керімбайұлының бұл жеңісі білім беру саласындағы үлкен серпіліс болмақ. Мұндай марапаттар ауыл мектебінде де сапалы білім беріліп жатқанын дәлелдейді. Бұл жетістік тек марапат қана емес, жастарға бағыт, әріптестерге шабыт, ұлт болашағына сенім білдіреді десек, артық айтқандық емес.

С.Серкебаев атындағы мектеп-гимназияның мәртебесін өсіріп, ауданның білім көкжиегінің мәртебесін тағы бір мәрте айқындаған Нұрбек Досымхановты шын жүректен құттықтаймыз!

Лаура ҚАРАСАРТОВА.

● МЕРЕЙ БИІГІНДЕ

ШЕБЕРЛІГІ КӨПКЕ ҮЛГІ

Ата – бабамыз өткен өмірінде талай қиындықты бастан кешірді. Сол «тар жол, тайғақ кешуде» ата – аналарымыз ұрпағын сақтап қалу үшін жан – жақтағы елге үдере көшті. Әсіресе 1930 -1932 жылдардағы қолдан жасалған ашаршылық кезінде ата жұртын тастап, көптеген қазақтар жылай-сықтай жат елге көшіп кеткен еді. Солардың арасында менің құрбым, «Ақмандайлым» ансамблінің мүшесі, «Қандас» ұйымының төрайымы Әділхан Исаның ата-бабасы бар еді.

Әділханның бабалары мен ата-анасы Қытайда да бастарынан көп қиындықты өткізді. Аш та болды, жалаңаш та болды. Қанша қиналса да «Туған елімізге түбінде бір қайта ораламыз» деген үміттері алға жетелеп, жігерлерін қайрады. Олардың жылдар бойы алға қойған мақсаттары орындалды. Өздері болмаса да бала-шағалары және

бірнеше туыстары туған жерге оралды. Соның бірі-Әділхан Исаның отбасы.

Әділхан Иса 1955 жылы 13 қазан күні Қытай Халық Республикасы Шапшал ауданы Жирекбұлақ ауылында дүниеге келген, барлық балалық және жастық шағы Қытайда өткен.

Жас күнінен анасы Ескерме-

стен тоқыма тоқу, ұлттық киім тігу, құрақ құрау сияқты шеберлікті үйреніп, міне, қазіргі күнде өз шеберлігін жастарға үйретіп, дамытып келеді.

Бүгінде Әділхан құрбым Қытайдан келеген қандастарымыздың басын біріктіретін «Қандас» атты ауданымыздағы ұйымға басшылық жасауда.



● ҚАРТЫ БАР АУЫЛДЫҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР

Аға ұрпақтың жастарға өнегесі

Біздің Іле ауданы Байсерке батыр ауылында елге сыйлы, берекелі де мерекелі ақсақалдар мен ақ жаулықты аналарымыз баршылық. Олар ауыл өміріне белсене араласып, жастарға әркез ақыл – кеңестерін беріп отырады. Ауылымызда болып жатқан игі шаралардың ортасында болып, өз тәжірибелерін ортаға салуда.

Ақсақалдар мен асыл аналарымыздың алдарына қойған басты мақсаттары – халқымыздың өз ана тілін сақтауын, озық әдет-дәстүрлерін кеңінен насихаттау, одан ғибарат алуға үндеу. Олардың қатарында округтегі ақсақалдар кеңесінің төрағасы Хамит Әбдин, Бекенов Болат, Отарбаев Кендебай, Аманбаев Сәндібек, Аллабергенов Есентай, Дөненбаев Советбек, Абдірахымұлы Берікнұр, Магай Юрий сынды ақсақалдарымыз бар. Сол сияқты аналар кеңесінің төрайымы Жұманиязова Бақытгүл, Смағұлова Жұмаш, Мұратбекова Үміттерді айтуға болады. Олар тек атаулы шараларға қатысып қана қоймай, нақты іс-әрекеттерімен жастарға үлгі беруде.

Қазақта «Атадан тағылым алмаған ұл жаман, анадан өнеге көрмеген қыз жаман». «Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас» деген ұлағаты сөз бар. Ұлттық тәрбиенің бұрынғы әдістерін бүгінгі күн талабы аясында жаңаша қарастырған жөн. Ұл тәбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз. Қазақ халқының әріден келе жатқан мәдениетін және білім, тәлім-тәрбие беру жүйесінің негіздерімен жан-жақты танысу бүгінгі күнің басты бағдары, талабы десек те болады. Көне заманнан келе жатқан мәдениет, таным-түсінік, әдет-тағылымдарын ұғыну, білу және өмірге үйлесімдерін қажетке жарату жастардың туған



халқына деген құрметінің артып, өнегелік тәрбиеміздің рухани түлей түсері даусыз. Қазақта біреудің баласы жақсы азамат болса, «оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой» деп мақтайды. Ата-анасын аялай, құрметтей білген баладан жақсы азамат шығады.

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде байырдан келе жатқан ұғымдардың бірі – бата. Негізінен бата ақ тілек, ізгі ниетпен береке-молшылық, аман-саулық жақсылық тілеп, жалбарыну түрінде айтылады. Және ол ерекше қасиетті деп саналады. Әдетте батаны көпшілікке де, жеке адамға да арнап беретін болған.

Топ алдында батаны көбінесе елге сыйлы, жасы үлкен ақсақалдар берген. Қазақтың бата сөздері – тамыры тереңде жатқан, тарау-тарау халық тарихымен тағдырлас қиын уақыттың небір талқысына түссе де, елдің тұрмыс-салтында тойға таңба басқандай айқын із қалдырған, талай-талай ұрпақ үшін тәлім-тәрбие болған тағылымы мол тамаша мұрамыз. Аталардың қасиетті өсиеті – замандар мен ғасырлар бойы біртіндеп жиналып, ақыл елегінен өткізіліп, тексерілген өмір тәжірбиесінің тарихи санасының даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы іспетті. Аспандай ашық қазақтың

ғибрат сөздерінде әсемдік пен тапқырлық, ойшылдық пен сыршылдық, ақылдылық пен дана-гөйлік, шынайылық пен сыпайылық бар.

Ата-бабамыздан келе жатқан дәстүр-салтымызды бұрмаламай, лайламай, келешек ұрпаққа жеткізу ақсақалдардың басты міндеті болуы керек. «Ата – салттың – халықтық қалпың» демекші, өз ұлтымыздан қадір-қасиетін, ой-өрісін танытатын салт-дәстүрлерімізге мейлінше құрметпен қарап, оларды қастерлеу-барша қазақтың елдігіне сын. Қазақты өзге жұрт сыйлап, бағаласын десек, ұлттық салт-дәстүрлерімізді ардақтай білейік, асқақтата білейік. Ертеңгі ұрпағымыз ұлтжанды, отаншыл болып өссін десек, ата дәстүрімізді ардақтауды жастардың санасына құя беруден, айта беруден шаршамайық, ақсақалдар! Кейін өкінбейін десек, жастардың бойына ұлттық тәрбиенің нәрін ертең емес, бүгін сіңіре берейік.

Осы орайда Байсерке ауылының ардагерлері жастармен, әсіресе мектеп оқушыларымен жиі-жиі кездесіп, оларға ұлттық құндылық, ертеден келе жатқан салт-дәстүрдің мәні мен мағынасы туралы айтып, оларды қазақи ғұрыптарды құрметтеуге шақырады.

Құрманғали ӘБЕЙБЕКОВ.
Байсерке ауылы.



2019 жылдан бері «Отандас ел» республикалық бірлестігі Ұйғыр ауданы қоғамдық ұйым басшысы, 2021 жылы 11 қаңтардан «Отандас ел» республикалық қоғамдық бірлестігі мүшесіне сайланған. 2023 жылдан Алматы облысы Ұйғыр ауданы бөлім жетекшісі болып қоғамдық жұмыс атқарып келеді.

Қазіргі күнде 5 ұл, 2 қыз тәрбиелеп қатарға қосқан. «Алтын алқа» иегерінің қыздары да аналары сияқты шебер, тігінші.

Шонжы ауылына көшіп келгелі бері мен Әділханмен етене араласып кеттім. Хакім Абай «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы

ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп айтқанындай, Әділхан – өте қарапайым, іскер адам. Өзінің айтқан уәдесінде тұрады. Қазақстанға көшіп келіп жатқан қандас бауырларға өз көмегін аямайды. Аналар мен әжелер, ардагерлер арасында өтетін іс – шараларға өте күшті ықпал етіп, қолдан келген жәрдемін жасайды. Ұлдары мен қыздары, келіндері мен күйеу балалары сайдың тасындай. Әділханның келіндеріне өте ризамын, нағыз ата – ене сыйлаудың үлгісін көрсетіп жүр.

Он саусағынан өнер тамған Әділхан әжелерге кимешек пен күндікті әдемі етіп тігіп берді. Әділхан жақында өзінің 70 жылдығын атап өтпекші. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған Әділхан елдегі аналарға үлгі. Бес уақыт намазын қаза қылмай жүрген Әділханның бойында үлгі алатын қасиеттер өте көп, ұлттық салт – дәстүрді ерекше құрметтейді, сақтайды. Ана – адамзат баласының дүниеге келуіне себепкер болатын аяулы жан. Ана дегенде жүрегі жылымайтын адам жоқ. Бауыр еті баласы үшін сұлулығын, денсаулығын, жан тыныштығын құрбан етуге дайын аналарды құрметтесек те, артық емес.

Пайғамбардың хадистері де ананың мәртебесін ерекше жоғары көрсетеді. Өзінің мәртебесі жоғары Әділханды барлық әжеге, анаға үлгі ретінде көрсетуге болады.

Рая ӘБІЛЖАНҚЫЗЫ,
ҚР Білім беру ісінің озаты.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ұйғыр ауданындағы «Қан-дас» ұйымының басшысы аяулы ана, Әділхан Иса жақында 70 жасқа толады. Осыған байланысты ұлт жанашыры, елдің құрметтісі Әділханды мерейтойымен құттықтаймын.

70 жыл оңай уақыт емес. Осы жылдар ішінде басынан жақсы, жаман өткен Әділхан – көпке үлгі. Отағасы Токтарбек екеуі ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Аман қанша, отағасы өмірден ерте кетті. «Орнында бар оңалар» деген атам қазақ. Әділхан бала – шағаға ие болып отыр. Келіп жеткен мерей тойымен шын жүректен құттықтаймын.

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының
Құрметті азаматы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Білім беру объектілерінде тамақтан ұланудың алдын алу

Мектепте тереңдетілген медициналық қарап-тексеру-бұл жыл сайынғы іс-шара, оны өткізу күнін алағай жылы профилактикалық медициналық қарап-тексеруге жататын нысанылар топтарың тізімін жыл сайын қалыптастыра және жасай отырып, медициналық ұйымдар белгілейді және оны мектеп аумағына бара отырып, МСАК аумақтық ұйымының мамандары жүргізеді.

Бұл әсіресе балалар мен жасөспірімдер өмірінің мектеп жылдарында қажет, өйткені гормоналды және физикалық жағдайдың белсенді өзгеруі байқалады. Тексерулер медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде тегін жүргізіледі.

Кеңейтілген медициналық комиссиялар жасына қарай қарастырылған 6, 10, 12, 14, 15, 16 және 17 жас.

Мектепте медициналық тексерулер балалардың денсаулығын бақылау, қауіпті ауытқулар мен аурулардың ерте көріністерін жіберіп алмау үшін жүргізіледі. Балаалық шакта, әсіресе жасөспірімдерде бұл өте маңызды. Гормондар өзгере бастағанда, жетілмеген денеде күтпеген жерлерде ақаулар пайда болуы мүмкін. Ал оқудың өзі ауыр жұмыс және стресстің массасы. Симптомдарды көрмеу және балаға уақытында көмектесу-оны болашақта күрделі мәселелерден арылту.

Алғашқы алдын ала медициналық тексеру нақты тұратын жері бойынша емханада бірінші сыныпқа түскен кезде жүргізіледі.

Әрі қарай, оқушылар әр оқу жылының басында тексеріледі. Профилактикалық медициналық қарап-тексеру мамандардың қарап-тексеруін және МАЖ-да профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өткені туралы деректерді толтыруды көздейді.

«Өтпелі» жас кезеңдерінде — 6, 10, 14, 15, 16 және 17 жас-тереңдетілген (кеңейтілген) профилактикалық тексерулер жүргізіледі. 7, 8, 9, 11, 13 жастағы балаларды педиатр және тіс дәрігері тексереді.

Мысалы, 13 жастан бастап психотроптық, есірткі заттарының медициналық емес қолданылуына немесе болмауына тексеру жүргізіледі, 10 жастан асқан қыздарды қарау кезінде гинекологиялық тарихқа, шағымдарға, етеккір функциясының бұзылуына ерекше назар аударылады.

Тексеру кезінде 12 жастан асқан балаларда шаш өсу түріне (еркек немесе әйел түріне) назар аударады. Көрсетілмдер болған жағдайда қыздар балалар гинекологияна жіберіледі.

9 жастан 10 жасқа дейінгі балаларда абстрактілі-логикалық операциялардың, логикалық пайымдаулардың және т. б. қалыптасуы қосымша бағаланады.

Патологиялық өзгерістер анықталған кезде мектептің медицина қызметкері баланы тіркелген жері бойынша емханаға бейінді маманға қосымша тексеруге жібереді. Естеріңізге сала кетейік, барлық медициналық ақпарат медициналық құпия болып табылады, оларға тек ата — аналар мен жасөспірімнің өзі 15 жастан бастап қол жеткізе алады.

Тереңдетілген медициналық тексерудің мақсаты мен маңыздылығы ауруларды ерте анықтау, алдын алу, денсаулық тобын анықтау, дене шынықтыруға жіберу, мамандардың кеңестері, зертханалық және аспаптық зерттеулер болып табылады.

Біздің балаларымыз аурумен емес, мектептерді мол біліммен бітіруі үшін бізге денсаулықты сақтау және нығайту үшін барлық қажетті жағдайларды жасау ғана емес, сонымен қатар балалардың психологиялық тыныштығын сақтау және бағалау қажет.

МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

ПОДРАСТАЮЩЕЕ ПОКОЛЕНИЕ

Вначале небольшой экскурс в историю. Военно-патриотические клубы в Казахстане стали формироваться еще в советский период, особенно активно – с середины 1970-х годов. Изначально они создавались на базе общественных организаций ветеранов Великой Отечественной войны и имели целью воспитание молодежи в духе патриотизма и подготовке к службе в армии.

После обретения независимости в 1991 году в Казахстане продолжили развивать эту традицию. В 2015 году был создан Национальный военно-патриотический центр Вооруженных Сил РК, ставший координирующим органом в сфере военно-патриотического воспитания молодежи. В том же году было основано республиканское общественное объединение «Детско-юношеское военно-патриотическое движение «Жас сарбаз» (Юный воин).

КОГДА ПАТРИОТИЗМ В СЕРДЦЕ, А НЕ В ЛОЗУНГАХ

Не все знают, что Илийский район является одним из пионеров этого движения в стране, а педагог Е.Д. Андосов – автором программы дополнительного образования в РК по военно-патриотическим классам.

Недавно мы встретились с ним на территории соседствующих школ № 38 и № 7 и попросили ответить на наши вопросы.

- Ертай Дарменкулович, Вы в числе первых в Казахстане начали организовывать военно-патриотические классы на основе имеющейся базы общеобразовательных школ. Можете сказать, что данный опыт удался?

- Да, вполне. Прошло 10 лет с момента, как у нас возобновилась данная работа, и за это время состоялось 5 выпусков. Все выпускники поступили в высшие учебные заведения. 12 студентов на данный момент учатся в высшей военной академии. 18 парней получают образование в гражданских вузах с военными кафедрами, 8 учащихся выполняют свой воинский долг перед Родиной в частях и соединениях страны.

По специальной программе наши педагоги передают свои знания не только внутри общеобразовательного учреждения, но и делятся опытом с коллегами из округов, районов и всей области. Я, как автор программы, делился своими наработками, выезжая в Астану, Петропавловск Северо-Казахстанской области.

На сегодня в школе-гимназии №38 организовано 4 военно-патриотических класса. В их числе: 11 «Б» класс – «Жас полиция» («Юный полицейский»), где обучается 20 учащихся; 7 «И» класс – в военно-патриотическом классе «Жас өрт сөндіруші» («Юный пожарный») обучается 32 учащихся; в военно-патриотическом 8 «К» классе дети обучаются по специализации «Юный пограничник»; в в военно-патриотическом 5 «А» классе по тому же направлению занимаются 24 учащихся, а общее количество по гимназии составляет 107 учащихся.

В соседней школе №7 открыли 6 военно-патриотических классов: в 10 «А» и 11 «А» по направлению «Жас өрт сөндіруші» занимаются соответственно по 20 и 18 ребят. Всего по школе с учетом «пожарных» числится 151 ученик, из них 113 учащихся 5 «Г», 6 «З», «8 И» классов выбрали будущую специализацию по карьере в правоохра-



Торжественное построение классов «Юный пограничник» и «Юный полицейский» перед принятием присяги.

лом, в районе, и в райцентре, в частности, сильно перегружены. По проекту наша школа-гимназия №38 не рассчитана на существующее ныне количество ученических мест фактически в ней учатся около 3 тысяч детей, в три смены. Не хватает классов, кабинетов. Вот, например, нам приходится приспосабливать кабинет учителей-воспитателей в надземном переходе между двумя школами. Как говорится, на безрыбье и рак рыба.

- Чем отличается дополнительное образование в ВПК (военно-патриотических классах) от обычных?

В военно-патриотических классах, кроме обязательной школьной программы (математика, информатика, литература, языки, естествознание, история и т.д.), реализуется подготовка к будущей профессиональной деятельности в органах правопорядка, национальной безопасности, МЧС и воинских частях. Здесь изучают такие предметы, как этика, эстетика, хореография, рукопашный бой, стрельба из лука, национальные игры, основы прав и обязанностей гражданина, строевая подготовка, патриотическое воспитание. Изучается



Делегация руководства департамента по ЧС Алматинской области и госслужащих акиматов на «Аллее героев» в школах №7 и №38

нительных органах («Юный полицейский»).

С недавних пор этой программой заинтересовались в казахской школе №13 имени М. Макатаева, где, кроме названных выше классов, имеется новое направление «Жас сарбаз», по которому занимаются 75 учащихся. Общее количество занимающихся в военно-патриотических классах учащихся достигает 333 человека. Стоит отметить, что это очень солидная цифра.

- А насколько востребованы такие классы среди родителей? Ведь в общей массе (думаю, только в одной школе обучается около 3 тысячи человек) 300 кадетов – это около 10 процентов. В остальных двух (№13 и №7) примерно столько же.

- Да, востребованность есть. Мне постоянно звонят родители (нередко и бабушки, бабушки) с просьбой принять их ребенка в военно-патриотические классы. Во-первых, я один такие вопросы не решаю. Во-вторых, наше желание не всегда совпадает с нашими возможностями. Школы, в це-

общевойсковой устав, сборка и разборка автомата, стрельба. К слову, мы имеем единственный не только в области, но, возможно, во всей республике, действующий стрелковый тир.

- Давайте немного поговорим о патриотизме. Что оно значит для нынешней молодежи?

- Я придерживаюсь мнения, что патриотизм должен быть в сердце каждого, в конкретных делах, а не в лозунгах, разговорах о нем. Во-первых, это успехи в спорте, учебе, участие в общешкольной деятельности и соревнованиях разного уровня. Это дисциплина, отсутствие подростковых правонарушений, соблюдение Кодекса чести будущего солдата, спасателя, пограничника или полицейского. Важно не просто ношение форменной одежды, но и ее опрятность и чистота. Кстати, дресс-код учащихся тоже является элементом дисциплины.

И, конечно, нужно знать свою историю, биографии национальных батыров, героев Великой Отечественной войны и ветеранов афганской войны. Кстати, у нас перед школой недавно открыли

Аллею героев-казахстанцев. Среди них – генерал армии, Герой Советского союза, Халық қаһарманы Сағадат Нурмағамбетов; дважды Герой Советского Союза, летчик-штурмовик, участник парада на Красной площади в 1945 году Талғат Бегельдинов, Герой Советского Союза, снайпер стрелковой бригады в годы Великой Отечественной войны Алия Молдағұлова, Герой Советского Союза Бауыржан Момышұлы, лейтенант, первым водрузившим знамя в апреле 1945 года над Рейхстагом в Берлине Рахымжан Кошқарбаев, дважды Герой Советского Союза, уроженец Казахстана, участник ВОВ, летчик-штурмовик Леонид Беда.

- Я видел тут и портреты воинов-афганцев...

- Да, среди воинов-интернационалистов, честно выполнивших свой долг в ДРА, немало героических людей, из нашего района в том числе. Но выбор пал на Михаила Лукина (есть улица его имени в Отеген батыре) и Дмитрия Волошина. Оба они выпускники наших школ, были призваны на службу и добровольно выбрали «горячие точки». Погибли в Афганистане при выполнении заданий командования, оставшись верными воинской присяге и чести. Они заслужили право быть на Аллее героев.

- Над военно-патриотическими классами, наверное, есть шефство?

- Безусловно. Мы работаем в тесном контакте с Департаментом внутренних дел Алматинской области, Департаментом по ЧС Алматинской области, с Управлением служебной кинологии Пограничной службы КНБ РК, с Пограничным училищем, с воинскими частями Министерства обороны Казахстана. Руководство и сотрудники часто бывают у нас в гостях (см. фото ниже), проводят встречи, читают лекции на уроках. Наши школьники также посещают подразделения названных структур.

- Вы упомянули про соревнования. Каковы тут успехи военно патриотических классов района?

- Такových за десять лет было много, но я назову самые значимые и недавние. Это участие в 2023 году в республиканском соревновании «Айбын» по линии Министерства обороны РК. В 2024 году на международных соревнованиях «Жас инспектор», куда приехали представители 8 государств, наши юные инспектора заняли 1-е место. В этом же году поборолись за призовые места в республиканских соревнованиях «Юный спасатель» и «Юный инспектор» уже по линии Министерства по ЧС РК. Илийцы всегда участвуют и завоевывают призовые места в соревнованиях «Жас мерген», «Жас улан» и «Жас шекарашы». За этими победами большой труд коллектива педагогов, воспитателей школ №38, 7, 13. Пользуясь случаем, хотелось бы поблагодарить нашу команду в составе воспитателей военно-патриотических классов Саябакова Б.Т., Нечаева Г.Г., Туркпенбаева Б.Н.

И, завершая нашу беседу, хотел бы напомнить слова известного философа Востока Аль-Фараби «Без воспитания нет образования». В наших учебных заведениях школьники получают не только образование, но и воспитание.

- Спасибо за содержательную беседу!

Интервью взял Рамазан ЕЛЕШЕВ
с. Отеген батыр